№ 6-ПГСВ от 13.03.2026

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекттік санитариялық
дәрігерінің
2026 жылғы « »
№_____ қаулысына
2-қосымша

Тұмауды, COVID-19 коронавирус инфекциясын және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекцияларды күнделікті эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу тәртібі

Қазақстан Республикасының барлық аумағында шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізілетін қалаларды қоспағанда, күнделікті эпидемиологиялық қадағалау жүзеге асырылады.

Күнделікті қадағалау жүйесінде мыналар орындалады:

1.Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау, COVID-19 және олардың асқынулары (пневмония) бойынша сырқаттанушылық пен өлім-жітім деңгейін және динамикасын жүйелі түрде мониторингтеу (АХЖ-10 сәйкес тіркелген сырқаттану жағдайларының саны негізінде) республиканың барлық аумағында эпидемиялық маусым бойы (1 қазаннан бастап апта сайын, 1 желтоқсаннан 30 сәуірге дейін күн сайын) халықтың жоғарғы және төменгі тыныс жолдарының жіті респираторлық ауруларының клиникалық көріністерімен, оның ішінде пневмониямен жүгінуі есебінен жүзеге асырылады.

2.Эпидемиялық шектеуді санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды әзірлеу және өткізу, күнделікті эпидемиологиялық қадағалау деректері негізінде анықтайды.

3.Тұрғындарды тұмауға қарсы иммундау бойынша жас ерекшеліктері мен қауіп топтары санаттары бойынша мониторинг жүргізу, жыл сайын қазан айынан бастап иммундау кампаниясы аясында.

Күнделікті эпидемиологиялық қадағалау шеңберінде, соның ішінде шолғыншы орталықтарды қоса алғанда, Комитеттің аумақтық бөлімшелерін ЖРВИ тіркелген жағдайлары туралы апта сайын ақпараттандыру жүргізіледі (жас топтары бойынша (0-4, 5-14, 15-29, 30-64, 65+ жас), АХЖ-10 кодтары бойынша – (J00-J06, J09-J22)):

- J00-J06 (тыныс алу жолдарының жоғарғы бөліктерінің жедел инфекциялары),
- J09-J11 (тұмау),
- J12-J18 (пневмония),
- J20-J22 (тыныс алу жолдарының төменгі бөліктерінің жедел инфекциялары).

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Ауруларды тестілеу аумақтық филиалдарда ҰСО-да диагностикалық мақсатта немесе эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Мәліметтерді талдау Комитеттің аумақтық бөлімшелерімен жүзеге асырылады.

Шолғыншы қалаларда күнделікті бақылау шеңберінде үлгілерді іріктеу тек ерекше жағдайларда жүкті әйелдерден, 5 жасқа дейінгі балалардан ауыр және асқынған түрде өтетін ЖРВИ/тұмаумен ауыратын, ауру басталғаннан кейінгі алғашқы 10 күн ішінде стационарға жатқызылған науқастардан ғана жүргізіледі. ЖРВИ/тұмаудың ауыр ағымымен ауыратын өзге де науқастардан материал іріктеу және жеткізу Комитеттің аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша жүзеге асырылады.

1.Науқастарды іріктеу және сынамаларды алу тәсілдері Тұмау/ЖРВИ зерттеуін жүргізетін вирусологиялық зертханасы бар қаладан 150-200 км радиуста орналасқан аудандардан/қалалардан аурулардан алынған сынамалардың сапалы сақталуын және тасымалдануын қамтамасыз ету мақсатында тұмауға зерттеу үшін сынамалар жеткізіледі.

Тұмауға қарсы эпидемиологиялық қадағалаудың күнделікті жүйесі кезінде зертханалық зерттеулер үшін биоматериал алуды эпидемиологиялық маусым бойы медициналық ұйымның (емхана/стационар) жауапты медицина қызметкерлері ай сайын тұмаудың айқын клиникалық белгілері бар 10-нан аспайтын ЖРВИ-мен ауыратын науқастардан жүргізеді. Өңірде аурушаңдықтың шекті деңгейінен асып кеткен жағдайда үлгілердің саны тұмауға қарсы ұлттық үйлестіру орталығының (ҰТО) ұсынымы бойынша алынады.

Науқастардан сынамаларды алу пациенттің үйінде, медициналық ұйымдарда (сүзгіде, қабылдау бөлмесінде, бөлімшеде) жүзеге асырылады. Сынамаларды алу, сақтау және тасымалдау техникасы ГПЗ және ТОРИ бойынша ДЭН-дегідей (осы Қаулыға 1-қосымшасы).

2.Тұмау/ЖРВИ және SARS-CoV-2-ге тестілеу жүргізу Тұмау/ЖРВИ бойынша күнделікті қадағалау шеңберінде алынған үлгілер тұмау вирустары мен SARS-CoV-2-ге параллельді зерттеледі, ал басқа ЖРВИ-ге теріс үлгілердің 20%-дан аспайтыны тексеріледі. Зерттеу нәтижелерін беру және деректерді АЖ-ға енгізу үлгілер келіп түскен күннен бастап үш күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Зерттеулердің сапасын сыртқы бағалау және молекулалық-генетикалық одан әрі зерттеу мақсатында тұмау/SARS-CoV-2 және ЖРВИ (сұраныс бойынша) бойынша оң және теріс үлгілерді қайта тестілеу және секвенирлеу үшін ҰТО-ға жіберу.

3.Апталық есеп беру апта сайын (01 желтоқсаннан бастап 30 сәуірге дейін – күн сайын) бейсенбі күні сағат 15:00-ге дейін медициналық ұйымдар аумақтық бөлімше Басқармасына/Комитеттің аумақтық бөлімшесіне келесі ақпаратты ұсынады, ал аумақтық бөлімше Басқармасының/Комитеттің аумақтық бөлімшесінің эпидемиологтары бейсенбі күні сағат 17:00-ге дейін АЖ-ға деректерді енгізеді:

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

- ЖРВИ бойынша медициналық көмекке жүгінген барлық науқастардың саны, жас топтары бойынша: 0-4, 5-14, 15-29, 30-64, 65 және одан жоғары;
- ЖРВИ бойынша ауруханаға жатқызылған барлық науқастардың саны, жас топтары бойынша: 0-4, 5-14, 15-29, 30-64, 65 және одан жоғары;
- пневмониямен ауруханаға жатқызылған жағдайлардың саны, ЖРВИ/тұмау/пневмониядан болған өлім жағдайлары;
- халықтың тұмауға қарсы иммундау жағдайы туралы ақпарат (қыркүйек-қаңтар);
- мектеп оқушылары арасындағы ЖРВИ және тұмау ауруы бойынша есеп;
- санитарлық-ағарту жұмыстарының жүргізілуі туралы;
- ЖРВИ ауруының көрсеткіштерін есептеу үшін күнтізбелік жылдың басында қызмет көрсетілетін халықтың жас топтары бойынша саны туралы ақпарат беріледі: 0-4, 5-14, 15-29, 30-64, 65 және одан жоғары;
- мектептер/интернаттар саны оқушылар санымен (оқу жылының басында);
- медициналық-әлеуметтік мекемелердің саны (балалар үйі/балалар үйлері/қарттар үйлері) тұрғын контингентінің санымен (маусым басталғанға дейін);
- вакцинацияға жататын қауіпті топтар (маусым басталғанға дейін).

4.АЖ-не деректерді енгізу тәртібі

АЖ-не деректерді енгізуді аумақтық бөлімше Комитетінің/Комитеттің аумақтық бөлімшесінің эпидемиологтары (сауалнаманың эпидемиологиялық бөлігін енгізеді) және ҰСО филиалдарының вирусологтары (сауалнаманың зертханалық бөлігін енгізеді) жолдамадағы ақпарат бойынша жүзеге асырады (осы қаулыға 1-қосымшаның 2-сызба). Жиынтық және жеке деректер (эпидемиологиялық және зертханалық) күнтізбелік жыл бойы апта сайын, ал 1 желтоқсаннан бастап 30 сәуірге дейін күн сайын енгізіледі.

Жауапты тұлғаға АЖ-не деректерді жыл бойы апта сайын онлайн режимде енгізу үшін ресми пайдалану құқығына логин мен пароль беріледі.

«Informconsulting» ЖШС әзірлеген ЖРВИ мен тұмауға жүргізілетін күнделікті эпидемиологиялық қадағалау аясында және ШЭҚ шеңберінде ТТА мен АЖРИ бойынша ақпараттық жүйені пайдалану нұсқаулығы https:// ilisari.kz сайтында қолжетімді.

Согласовано
10.03.2026 16:38 Ширинбекова Рита Абдукасымовна
10.03.2026 16:42 Тилесова Айгуль Шарапатовна
11.03.2026 10:34 Катренова Айгуль Нургалиевна
11.03.2026 12:34 Кожапова Роза Абзаловна
11.03.2026 12:39 Сейтмагамбетова Шаукиш Аманжоловна

Подписано
11.03.2026 17:05 Бейсенова Сархат Сагинтаевна

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан Байтокина С.Б.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП



Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Бекхожина С. Б.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП